

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТОЛҒАНЫСТАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ӨЗЕКТІЛІГІ

¹К.М. Қоңырбаева, ²Г.С. Омарова, ³Ә. Нысанбаев*, ⁴Е.Н. Чермухамбетов

^{1,2}ҚР ҒЖБМҒК Философия, саясаттану және дінтану институты (Алматы, Қазақстан)

³С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен, Қазақстан)

⁴Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

¹konyrbaeva56@mail, ²fsd.philosophy@gmail.com, ³nyssanbayev85@gmail.com,

⁴erlan_chen@mail.ru

¹К. Konyrbayeva, ²G. Omarova, ³A. Nyssanbayev, ⁴E. Chermukhambetov

^{1,2}Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK
(Almaty, Kazakhstan)

³S. Amanzholov East Kazakhstan University (Oskemen, Kazakhstan)

⁴Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

¹konyrbaeva56@mail, ²fsd.philosophy@gmail.com, ³nyssanbayev85@gmail.com,

⁴erlan_chen@mail.ru

Сілтеме: Қоңырбаева К.М., Омарова Г.С., Нысанбаев Ә., Чермухамбетов Е.Н. Зар заман ақындарының философиялық толғаныстарының заманауи өзектілігі // *Әл-Фараби.* – 2026. – Т. 24. № 1(93). – 34-46 бб.

Аңдатпа. Мақалада «Зар заман» ақындары – Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір шығармашылығының өзегін құрайтын рухани-мәдени құндылықтар жүйесі кешенді түрде талданады. Атап айтқанда, ұлттық рух пен жалпыадамзаттық гуманистік ұстанымдар – әділеттілік, ақиқат, еркіндік мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылады. Зар заман дәуірі ақындарының толғауларында ел тәуелсіздігінен айырылудың ұлттық болмыс пен дүниетанымдық бағдарларға тигізген кері ықпалы айқын көрініс табады. Еркіндік, әділеттілік, адалдық, адамгершілік секілді құндылықтарды рухани дамудың негізгі бағдары еткен қазақ қоғамының дүниетанымы бөгде мәдениет пен өркениеттің ықпалымен елеулі трансформацияға ұшырағаны сараланады. Ақындар дәстүрлі құндылықтардың ығыстырылуы мен батыстық мәдени үлгілердің кең таралуына философиялық-поэтикалық пайымдаулар арқылы сыни көзқарас білдіреді. Сонымен қатар, бөгде мәдени парадигманы қабылдаудағы талғампаздық ұстанымын қалыптастырудағы зар заман ақындарының рөлі айқындалады. Мақалада жаһандану жағдайындағы қазіргі интеграциялық үдерістер аясында зар заман поэзиясында көтерілген мәселелердің өзектілігі мен ауқымының арта түсуі ғылыми тұрғыдан негізделеді.

Түйін сөздер: зар заман, дағдарыс, тәуелсіздік, еркіндік, дәстүрлі құндылықтар, ұлттық идея, рух.

*Автор-корреспондент: Ә. Нысанбаев, nyssanbayev85@gmail.com

Kipicne

Жыраулық философияның бес ғасырлық тарихи эволюциясына назар аударсақ, халық тағдырына қатысты шешуші мәселелермен қатар өмірмәнді әлеуметтік, философиялық, этикалық және эстетикалық ой-пікірлер поэтикалық формада көрініс тапқаны байқалады. С. Ақатайдың: «Поэзия – арқалы өнер. Оның тағдыры әлеуметтік ортамен тұтас. Ақын шабыты кез келген жерде келмейді, кезі келген жерде келетіні белгілі. Поэзияның өрелі тұстары халық ғұмырнамасының соқталы кезеңдерімен орайлас» деген тұжырымы [1] Зар заман ақындарының философиялық толғаныстарының табиғатын айқындайды. Бұл пікір олардың шығармаларындағы шерлі сарынның тарихи-әлеуметтік негізін, «ой түбінде жатқан сөзді» қозғаған терең мазмұнын аңғартады.

Заманалар тоғысында Ұлы Даланың рухани-мәдени кеңістігі дәстүрлі жыраулық поэтикалық философиямен, моральдық-этикалық құндылықтар жүйесімен және әдет-ғұрып заңдарымен сабақтасқан бірегей дүниетанымдық әлем қалыптастырды. Асан Қайғының: «Мұнан соң қилы-қилы заман болар, Заман азып, заң тозып, жаман болар» деген болжамдық пайымы халық санасында болашақ бағдарын айқындайтын рухани бағдаршам қызметін атқарды. Осы дәстүрлі таным арнасын жалғастырған «Зар заман» ақындары да өз дәуіріндегі көшпелі жұрт басына түскен ауыр ахуалдың ұлттық болмыс пен дүниетанымдық бағдарларға тигізген кері ықпалын терең пайымдай білді.

Зар заман ақындарының философиялық толғаулары өз маңыздылығы мен өзектілігін бүгінгі күні де жоғалтқан жоқ. Қазіргі жаһандық интеграция үдерісі тереңдеп, оның ішкі карама-қайшылықтары күшейген сайын, зар заман ақындары өз дәуірінде көтерген мәселелердің мазмұны мен ауқымы бүгінгі қоғам үшін бұрынғыдан да өткір сипат ала түсуде. Зар заман дәуірінің ақын-жыраулары өз көзқарастарын поэтикалық мұралары арқылы білдіріп, заманның қайшылықты өзгерістерін дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасы тұрғысынан пайымдауға ұмтылды. Олар қоғамдық трансформация үдерістерін ұлттық дүниетаным мен рухани құндылықтар өлшемі арқылы бағалап, тарихи ахуалға сыни көзқарас танытты. Зерттеуші Қ. Бейсенов: «Кеңестік кезеңде “зар заман” әділдік тұрғыдан бағалаудың мүмкін еместігін Мұқаң әу бастан білген. Біле тұра халық зердесінен өшпесін, кертартпа, ескішіл ақындар ретінде болсын, әйтеуір жарыққа шыға берсін, ұрпаққа танымал бола берсін деген мұратты көздеген болу тиіс...», – дей келіп, «Зар заман ақындары» деп емес, ұлтжанды ақындар деп айтатын уақыт жетті деген тұжырым жасайды [2]. Осы тұрғыдан алғанда, замана ахуалын көзімен көріп, көкірегіне түйген ойшыл ақындар тарихи шындықты сыни пайымдау арқылы ұлттық сананың сергектігін сақтауға қызмет етті.

Ұлттың салт-дәстүрі, тілі мен діні түркі халықтарының рухани тұтастығын айқындайтын іргелі құндылықтар ретінде Ұлы қағанаттар дәуірінде-ақ қалыптасып, «Мәңгілік ел» идеясының іргетасы ұлттық санада ежелгі кезеңдерден орныққаны тарихтан белгілі. Зерттеушілер түркілік дәстүрлердің мызғымас беріктігі мен өміршеңдігінің сырын халықтың шаруашылық жүргізу

тәсілі мен өркениеттік үлгінің тарихи сабақтастықта тұрақты дамуы арқылы түсіндіреді.

Түркілердің VI–VIII ғасырлардағы тарихы мен тағдыры «Күлтегін» (Үлкен жазу) тас ескерткішінде көркем әрі пафосты тілмен таңбаланған: «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған, адам баласы үстіне ата тегім Бумын қаған, Істеми қаған отырған, отырып, түркі халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен. ... Басы барды идірдік, тізесі барды бүктірдік» [3]. Бұл салтанатты мәлімдеме түркі мемлекеттілігінің қуаты мен тарихи санасының асқақ рухын айғақтайды.

Аталған мәтіннің рухани қуаты қазіргі Қытай қорғанынан Жерорта теңізіне дейінгі кеңістікте өмір сүретін, бір-бірімен аудармашысыз түсінісе алатын қырыққа жуық түркі тілдес халықтардың тарихи жадын жаңғыртып, ортақ өркениеттік тамырын сезіндіреді. «Күлтегін» жырының негізгі идеясы – қасиетті ел мен жерді қорғау, түркілердің ауызбіршілігін сақтау, ата-баба дәстүрлеріне адал болу. Сонымен қатар, мәтінде қытай өркениетінің «тәтті сөзі» мен алтын-күміс, ішімдік, астық, жібек секілді материалдық игіліктеріне қызығып, еркіндіктен айырылып қалмау туралы ескерту айтылады. Осы тұста мәдениеттер қақтығысы, дүниетанымдық және құндылықтық жүйелердің күресі айқын байқалады. Ұлы Дала перзенттері өздерінің тарихи манифесінде қытай ырқына толық бағынбай, ұлттық бітім-болмысын сақтай отырып, дербес даму құқығын жариялағаны аңғарылады.

Қоғамда орын алатын алуан түрлі әлеуметтік-мәдени үдерістер мен құбылыстар, ең алдымен, сол дәуірде дүниеге келген көркем шығармаларда терең әрі шынайы көрініс табатыны заңды. Қазақ қоғамындағы отарлау саясатының салдары өз кезеңінде өмір сүрген Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Асан Албан, Әбубәкір Кердері және басқа да зар заман ақындарының шығармаларында айрықша айшықталды.

Аталған ақындар поэзиясында ұлттық болмыстың орныққан ізгілікті құндылықтарын сақтау мен жаңғырту, рухани бастауларды жоғалтпау мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық мазмұн мен рухани негіздерді сақтай отырып, өркениеттік дамудан кенже қалмау жолдарын пайымдау, қазіргі заманның қажеттіліктері мен идеялық әлеуетін талдау мақсатында «Зар заман» ақындарының философиялық ой-толғамдарына қайта үңілу өзекті ғылыми міндет болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы

Жұмыста қазақ философиясының маңызды идеялары мен басымдықтарын өзектендіру мақсатында кешенді әдіснамалық ұстанымдар жүйесі қолданылды. Зерттеудің негізіне нақты тарихи-философиялық тәсіл алынып, қазақ ойлау дәстүрінің қалыптасуы мен эволюциясы тарихи сабақтастық пен идеялық жалғастық тұрғысынан қарастырылды. Бұл тәсіл зар заман ақындарының дүниетанымын өз дәуірінің әлеуметтік-саяси ахуалымен бірлікте талдауға мүмкіндік берді.

Қазақстанның қазіргі трансформациялану кезеңінде қазақ философиясының құндылықтық мұрасын пайымдау әлеуметтік-мәдени тәсіл арқылы жүзеге асырылды. Аталған тәсіл ұлттық рухани мұраны қоғам дамуының нақты әлеуметтік құрылымдарымен, мәдени үдерістерімен және өркениеттік бағдарларымен өзара байланыста қарастыруға негіз болды. Сонымен қатар, герменевтикалық талдау әдісі қолданылып, поэтикалық мәтіндердегі философиялық мазмұнды, астарлы мағыналар мен символдық құрылымдарды интерпретациялау жүзеге асырылды.

Зерттеу барысында тарихилық пен логикалықтың бірлігі қағидаты басшылыққа алынып, құбылыстардың тарихи қалыптасу динамикасы олардың ішкі мәндік логикасымен сабақтастықта зерделенді. Диалектикалық әдіс шеңберінде қайшылық, тұтастық, себеп-салдарлық байланыс, мазмұн мен форма арақатынасы сияқты принциптер пайдаланылды. Сондай-ақ салыстырмалы-талдамалық әдіс арқылы зар заман ақындарының идеялары түркілік рухани дәстүрмен және қазіргі құндылықтық бағдарлармен сабақтастырыла қарастырылды.

Осылайша, қолданылған әдіснамалық негіздер зерттеу нысанын тарихи, әлеуметтік және философиялық контексте тұтастықта қарастыруға, зар заман поэзиясындағы құндылықтық бағдарлардың заманауи маңызын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Зар заман ақындарының философиялық-поэтикалық мұраларының қазіргі кезеңдегі өзектілігі

Зар заман ақындарының рухани-мәдени мұрасы ұлттық құндылықтар жүйесін, мәдени-рухани үдерістерді, адамның адамгершілік тұрғыдан кемелденуі мен тұлға тәрбиесі, өмірмәндік бағдарлар мәселелерін қамтитын терең дүниетанымдық қабатымен ерекшеленеді. Зерттеушілер зар заман феноменінің өзегінде аксиологиялық мәселе, яғни құндылықтардың ауысуы мен трансформациясы жатқанын айқындайды. Ақындар өздері өмір сүрген тарихи кезеңнің көкейкесті мәселелерін бүкпесіз айтып, қоғамдық сананың дағдарысын философиялық-поэтикалық тұрғыдан пайымдады.

Қалыптасқан күрделі рухани ахуал, дәстүрлі мәдени құндылықтардың ығыстырылуы, өмір салтының өзгеруі сезімтал ойшыл ақындар шығармашылығында замананың «ақырзамандық» сипаты ретінде бейнеленді. Бұл поэзия ұлттық дүниетанымның дағдарысқа реакциясы ғана емес, сонымен қатар рухани жаңғыруға үндеген сындарлы ой-толғам болды. Осы тұрғыдан алғанда, зар заман ақындарының шығармалары өзіндік көркемдік-философиялық ерекшелігімен ұлттық рухани мұраның маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылып, ұлттық идеяны қалыптастыруда теориялық-идеялық тірек бола алады.

Кеңестік кезеңде ұлттық тарих пен мәдениетті объективті тұрғыдан зерттеуге ұмтылған ғалымдар қудалауға ұшырап, еркін ғылыми ізденіс жасау мүмкіндігінен айырылды. Зар заман ақындарының мұрасын жүйелі зерттеу мен жариялау үдерісі де шектеулі болды. Тек тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін

ғана бұл бағыттағы ғылыми жұмыстарға кең мүмкіндік ашылып, ұлттық рухани құндылықтарды жаңаша пайымдауға жол ашылды.

«Зар-заман» ақындары қоғамда болып жатқан қат-қабат шындықты терең бейнеледі. Зар заман ақындар тобының бастауында тұрған Шортанбай Қанайұлы (1818-1881 жж.) қазіргі Жамбыл облысы Қаратау маңында дүниеге келген. Қазақтың қомақты жері отарланып, отарлаудың алуан түрлі әдіс-тәсілдері іске асырылды. Осы құбылыстар сол дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулардың дүниетанымында терең бейнеленді. Бұл құбылыстарды жан-жақты байыптағандардың бірі де бірегейі Шортанбай ақынның дүниетанымында қазақ жерінің отарлық саясаттың құрбаны болғанын, ұлттық тұрпат пен елдік қасиеттерден айырған құбылыстар айқын көрініс тапқан. Мысалы Шортанбай «Зар заман» атты туындысында:

Мынау ақырзаманда,
Алуан-алуан жан шықты,
Арам, араз хан шықты.
Қайыры жоқ бай шықты
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,

Ақша деген мал шықты, – [4] деп сахара жұртында сауда-саттық жайылып, саудагерлер қаптаған замана құбылысын халықты қанаудың бір түрі деп түсінді. Зар заман ақындарының философиялық толғаныстарын зерттеушілер пайымдауында пессимистік сарында дәстүршілдік қағидатын қатаң сақтауды, құндылықтық бағдарлардың түбегейлі өзгеруіне қарсы ойшылдардың зарлы үні болатын. Тағдырлас қырғыз халқында «Зар заман» ағымының өкілдері Қалығұл, Арыстанбек, Молда Қылыш, Алдаш Молда, Тоғалақ Молда, Женежоқ, Сағымбай, Алтай Айдарбекұлы қатарлы ақындары «замана жыршылары» атанды. Бұлардың барлығы қазақтардың Шортанбай, Мұрат, Дулат, Кердерілермен бір кезеңде өмір сүріп, бастарына түскен замана қасіретін шығармашылықтарына арқау еткен ойшыл ақындар. Олардың толғаулары дәстүрлі құндылықтардың жойылуын, өткен шақ пен осы шақты салыстыра келе болашақты болжады. Қырғыз жұртына жайылған «Зар заман» толғауларының үлгілері мен үрдістері қарақалпақ поэзиясында да көрініс байқатты. Қазақ зар заман поэзиясындағы төл оппозициялы ұғымдардың – жақсылық пен жамандықтың, ерлік пен ездіктің, тектілік пен тәрбиесіздіктің дәуірлер қақтығысының негізінде орын алмасуын сипаттайтын, бір-біріне мағынасы қарсы «зор болды» - «қор болды» (Шортанбай) формуласы қарақалпақ халқының әйгілі ақыны Бердақ Қарғабайұлының өлеңдерін де айшықтайды (1827-1900 жж.) [5].

Зар заман ақындары легінің тағы бір айтулы өкілі Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) қазіргі Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылында дүниеге келді. Х.Досмұхамедұлының 1924 жылы: «Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін тастай алмайды. Мұрат бір жағынан өткенді білген шежіре болса, екінші жағынан халықтың мұңын, елдің зарын айтатын әлеуметшіл ақын, әдебиет тарихына Мұраттың сөздерінің керектігі шексіз

нәрсе», – деп жазды. «Патша хукүметінің қазаққа құрған саясатының гүрлеп тұрған заманы, қазақтың бұрынғы тұрмысы өзгере бастаған, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салтан айырыла бастаған заманы», - деп жазды. Мұрат ақынның он жеті жасында Жылқышы деген ақынмен айтысқан сөзінде: «Жігіттің халыққа тиген пайдасын айт, сырғия ұрыны айтып неге керек», – дейді. Осы сөз ақынның ұранына айналады [6]. Бір кездері Асан Қайғының арманы болған «Жер ұйығы» қазақ халқының бай-қуатты, берекелі, мерекелі, салтанатты өмір салтымен бейбітшілікте өмір сүру үшін қажетті мекен болды. Зар заман ақындарының кезінде ел жағдайы мүлдем басқа арнаға ауысты. Мұрат Мөңкеұлы өзінің «Үш қиян» толғауында:

Еділді тартып алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны –
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны –
Ойдағысы болғаны.
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны –
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсықтың шалғаны! – [4]

деп, халқына ата қоныстың сулы-нулы жерлерінің отарлаушылардың қол астына өтуін тәуелсіздіктен айрылудың басы екендігін ашып көрсетеді. “Етекке қол салу, жағаға жармасу” сияқты теңеулер арқылы Мұрат қазақтың жігіттерінің намысын қайрайды. Ұлттық идеяның басты тұжырымы жер мәселесі. Тұрмыс тіршілігі көшпелі мал шаруашылығы болған қазақтар үшін шұрайлы жерінен айрылудан артық бақытсыздық жоқ. Мұрат толғаулары Патшалы Ресейдің отаршылдық саясатына тікелей қарсы бағытталып, туған жерге деген сүйіспеншілігін “Адыра қалғыр Үш қиян, басқа жұртқа қосылып, салтанатың қайтқан күн” деп күніренеді.

Мен қауіп еткеннен айтамын:

Кейінгі туған баланың
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін.
Адыра қалғыр заманның

Мен жаратпаймын сүреңін! – [4], ойшылдың бұл болжамы шындыққа айналғанын, соңғы екі ғасыр тоғысында ұлт өміріндегі жағымсыз өзгерістерден байқауға болады.

Дулат Бабатайұлы (1802 - 1871) қазіргі Абай облысы Аягөз ауданында дүниеге келіп, алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашады. Дулат жыраулық поэзияның мектебінен үлгі алып арабша хат таныған ақын. XIX ғасырда Сарыарқаның ең ірі ақындарының қатарында болды. 1880 жылы Қазан қаласында Құсайыновтар баспаханасынан «Өсиет-наме» атты жинағы жарық көрді. Дулат өз заманының

талаптарына сай сыни көзқарастар мен еркіндік, тәуелсіздік, мемлекеттілік жөніндегі тұғырлы мәселелерді жырлады.

Дуан салып ішінен,
Айырып қуат-күшінен,
Ақ патша десе - үрпипі,
Оянып шошып түсінен,
Аға сұлтан қазының
Ел сілкінді ісінен.
Ауылдың атқамінері -
Жемтікке қонған күшіген.
Өзі тойса, мәз болды,
Ел іргесін сақтамай [7].

Отаршылдық қамытын киген елдің басқару жүйесіндегі өзгерістер «аға сұлтан» лауазымындағы адамның мінез-құлқындағы өзгерістермен нақты көрініс тапқан. Дулат ақын патша әкімшілігінің марапаттары мен сыйлығына мәз болған елдік мүддені сатқан, өз құлқынын пара алумен толтыратын ауылдың атқамінерін өткір тілмен түйрейді. Мемлекеттік қызмет атқаратын адам бойындағы бірінші кемшілік парақорлық деп білді. Қазіргі қазақстандық қоғамды жайлаған парақорлық кесірлі дерт әлі де жойылмай отыр. Ойшылдың әлеуметтік-философиялық тұжырымдары, этикалық пайымдаулары замана келбетін нақты, шынайы көрсетуімен ерекшеленеді. «Қайырсыз, сараң малдыңды, Еріншек, есер жарлыңды, Халыққа емес сыйымды - Парақор баспақ биінді, Ел бүлдіргіш бегінді, Әперіп сөзбен кегінді, Улы тілмен улаттым» - деген поэтикалық бейнелеуде қайырымсыздық, сараңдық, парақорлық, бүлікшілдік пен еріншектік, жалқаулық сияқты кесірлі әдеттер қылаң берген шақтарды көз алдымызға жайып салады. Дулат түсінігінде заманға қарай адамшылықтан айрылған байларды, бектерді, билерді өзінің өткір тілімен шығармашылығы арқылы жөнге салуға талпыныстар жасайды. Бірақ ақын адамның жарлы, кедей болуын оның еріншектігі мен есерлігінің салдары деп біледі. Ойшыл өз толғауларында қазақ қоғамындағы этикалық құндылықтардың құлдырауын заман ағымынан көреді:

Қилы, қилы заманды,
Заманға сай адамды
Салғастырып қарасам,
Қайран қазақ, қайтейін,
Қасиетті еді хан, қараң.
Мынау азған заманда
Қарасы - антқор, ханы - арам,
Батыры көксер бас аман,
Бәйбіше - тантық, бай - сараң,
Бозбаласы - бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары - жалқау, кер табан,

Құсы - күйшіл, ат - шабан,
Жырғалаң жоқ, жобалаң.
Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам?! [7]

Сахарада хандық биліктің жойылуын, бұрынғы қазақ хандарының да халқының да адамгершілік қасиеттерінің биік болғандығын салыстыра зерделейді. XIX ғасырдағы қазақ қоғамының даму барысын, ондағы адамаралық қатынастарды аксиологиялық тұрғыдан сараптаулар жасайды. Дулат ақынды патшалық заман кеңестік кезеңде керітартпа, ескіні көксеуші деген айдар тағып рухани кеңістіктен аластауға талпыныстар жасағанмен, нағыз талант қанша бүркелгенмен жарқырап тұрары сөзсіз. Дулат Бабатайұлының шығармашылығына философиялық талдаулар жасаған О.Сегізбаевтың: «Сонымен, Дулаттың кезінде ол ұсынған құралдардың көмегімен жеңуге болмайтын қайшылық туындағаны көрініп тұр. Ақырында Дулат қазақтардың өміріндегі, ол ойлағандай «Алтын ғасырға», Шоқан Уәлиханов дамудың «жасанды емес» (сол кезде сырттан енген, жасанды күштер араласпаған табиғи даму үлгісі жүрді) кезеңі деп атаған алғашқы қауымдық көшпелі өмірдің баяғыда өтіп кеткен уақытына қайта оралудан басқа ештеңе таппады», - [8] деген пікірімен келісе алмаймыз.

Шығармалары зар заман ақындарымен сарындас Әбубәкір Кердері (1861–1903) дүниеге келген. ақын, әрі шешен, діни білімі терең кісі болған. Оның шығармалары «Әбубәкір молла» деген атпен де жарық көрген екен. Оның Ол өз шығармаларында ең алдымен имандылық, адамгершілік т.б. секілді этикалық құндылықтарды, адамға ең алдымен адал болу туралы мәселелерді көтереді. Сол кездегі адамдардың қарым-қатынасын ақын заманақырға теңеп, осы күнгі адамның сөзінде шындық жоқ деп, адамның теріс мінезін сынға ала келіп, адам адал болса ғана жақсылыққа жететіні жайында айтады. Ақын сол замандағы әлеуметтік-мәдени мәселелерден бастап, адам мен заманның бұзылуын, озбырлық пен арсыздық кең өріс алып тұрғаны жайында толғайды. Әбубәкір Кердері қазақтың жері тарылып, олардың шөлді аумақтарға қоныстануын, ел ішінде әділетсіздік жайлағанын, кей адамдардың патшаның басқарушыларымен бірге теріс әрекеттерге барып елді емес, қарабасын ойлап жүргенін т.б. қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шығармаларында жан-жақты ашып көрсетеді.

Әбубәкір Кердерінің шығармалары халыққа арасында таралғандары «Үш ғасыр жырлайды» атты жинаққа енгізілген. Әбубәкір Кердері сол дәуірде ел азған, жау қысқан заман болып тұрғанын жырлап, осы мінезбен елдің қайда баратынын ойлап қайғырады. Мін түзелмей, адам түзелмейтіні жайында айта келіп, ақын:

Айдын-айдын сулардың,
Балығы кетіп, көл азды.
Ойпаң-ойпаң жерлердің,
Оты кетіп, жер азды...
Қарағай қайың, тал, терек,
Тамыр түбі таусылып,

Қамшы сапқа зар болды,
Заманның түбін барлаймын,
Жақсылардың күні жоқ,
Бұрынғының бірі жоқ,

Осыларды жоқтап зарлаймын [9], – деп, ақын шығармаларында патша үкіметінің отарлық саясаты әсерінен қазақтың жері талан-таражға түскені жайында айта келе сол заман тынысын, елдің қиын жағдайын, ел жақсылары азайғанын, халықтың қайғы-қасіретін, сол кездегі қазақтың әлеуметтік өмірін, қазақ болыстары мен орыс чиновниктерінің әрекеттерін, отарлық саясатпен келген жаңа заң-шарғылардың халыққа қиын тигенін, ел мен жер т.б. әлеуметтік мәселелерді шығармаларында айшықтап көрсетеді.

Әбубәкір Кердері және т.б. зар-заман ақындары сол замана шындығын, елдің зар-мұңын, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени құбылыстарды көркем тілмен бейнелеп өзіне тән рухани құндылықтарды жасады. «Зар-заман» ақындары дүниетанымында тек халықтың қиын тағдырын ғана терең бейнелеуімен шектелген жоқ. Олардың дүниетанымында отарлық идеология нәтижесінде болған озбырлық саясатты терең әшкерелеу, адамдардың жаман әдеттен арылып, білім алуын, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсарғанын қалау идеялары жатыр.

Әбубәкір Кердері өзі өмір сүрген заман қайшылықтары мен шындығын:

Жалған сөз азаматқа болды оңай,
Замана болды халқым, әлде қалай?

Аузыңнан жалғыз кәләм шыққан сөзің,

Кезеді бір сағатта тоқсан тоғай [9. 405 б.] –

деп ақын, сол кездегі адамның теріс мінезін көрсетеді. Ақын жаман адам елге тұтқа бола алмайтыны, адамдық жылдан жылға арзан болып, заманды билеп тұрған кулар ақыр заманды орнатып жүргенін айтып сынап келе, ақын жақсы адам болмысына тоқталады. Ақын Әбубәкір Кердері жақсы адамның мінезі ең алдымен терең жауапкершіліктен басталып, қайырымы мол, иманы терең озық ойлы адам. Сондай адам елді, жерді, халықты ойлайтын тұлға болмысына тоқталып, қолынан іс келетін үлгісі бар жақсы адам, сол елдің жақсысы ел ертеңін ойлайтын ер жайында ой өрбітеді. Елді басқарып отырған кейбір билерге қарата ақын:

Би болмас белін жалпақ бұғанменен,

Ағармас асылы арам жуғанменен.

Байқасаң ажар басқа, асыл басқа,

Пайда жоқ құр әдемі туғанменен [9, 405 б.] – деп, ақын кейбір билік басындағы би-болыстарды сынға алады. Сонымен қатар халық арасындағы кейбір еңбек етпей, білім алмай құры бос жүрген замандастары жайында ойын өрбітеді.

Бір-бірін қорықса, сыйлайды, бүгінгі адам,

Түсінер бұ сөзімді білімді адам.

Тілеуіңнің біреуі от, біреуі су,

Сөйледің екі түрлі тіліңді адам... – деп, ақын Әбубәкір Кердері екі түрлі мінезбен, екі сөйлемей, адал, жауапкершілікті болу керектігі жайында айтып,

осы мінезбен кете берсең «Аңдамай бұзып алма дінін ді адам» деп, акын, бүгінгінің адамы тек қорыққанын ғана сыйлайтынын айтып, замандастарының жай-күйінен хабар береді [9, 271 б.].

Қорытынды

Зарлы заман шындығын шерлі жырларымен өрнектеген ойшыл ақындар мұрасын тарихи-философиялық тұрғыдан зерделеу арқылы олардың идеяларының қазіргі Қазақстандағы жаңғыру және трансформация үдерістері жағдайындағы өзектілігін айқындауға талпыныс жасалды. Сонымен қатар зар заман ақындарының маңызды идеялары мен концептуалдық тұжырымдарының қазіргі қоғамның ауқымды әлеуметтік-мәдени мәселелерін шешудегі рөлін пайымдау бағытында тұжырымдар ұсынылды.

Шын мәнінде, бүгінгі таңда елеулі жетістіктерге жетіп отырған этномәдени қауымдастықтардың қай-қайсысын да озық өнегелі мәдени дәстүрлерсіз және ұрпақтар сабақтастығынсыз елестету мүмкін емес. Халықтың мәдени мұрасы неғұрлым бай әрі сан алуан болып, өткен мен бүгін арасындағы тарихи сабақтастық үзілмей сақталса, оның даму бағдары мен рухани бағдаршамы да айқын болмақ. Өз кезегінде, кез келген халықтың мәдени болмысында жаңа мәдени туындылардың дүниеге келуі – сол тарихи-әлеуметтік органың табиғи сұранысынан туындайтын заңды құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда, зар заман поэзиясы да белгілі бір тарихи кезеңдегі рухани қажеттіліктің көрінісі ретінде ұлттық мәдениеттің эволюциялық даму арнасында маңызды орын алады.

«...Әрине, бүгінгі таңда әлемге кеңінен таралған бедерсізденген (нигилистік) “сауықтық мәдениеттің” элементтері барлық халықтардың өмір салтына біртіндеп еніп келеді. Алайда бұл үдерістер этникалық тұтастығын сақтай алған, жүйелі мәдени дәстүрлері қалыптасқан, ұлттық құндылықтарын қадірлей білетін халықтар үшін аса қауіпті бола қоймайды. Мысалы, ежелгі дәстүрлерін көздің қарашығындай сақтап отырған жапондар, қытайлар, үнділер сияқты халықтар үшін мұндай “батысшылдық дерттің” қаупі шамалы сияқты», – деп жазады [10]. Аталған пайым қазақ халқының мәдени даму бағдарымен де үндеседі. Қазақ қоғамы да жаһандық деңгейде жүріп жатқан оң өзгерістерді қабылдай отырып, ата-баба аманатына адал болу, ғасырлар бойы жинақталған бай мәдени мұраны болашақ ұрпақтың рухани игілігіне айналдыру бағытын ұстануы тиіс. Бұл – ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, өркениеттік үдеріске қатысудың тиімді жолы.

Зар заман ақындарының философиялық-поэтикалық ой-толғаулары қоғамды жаңғыртудың экономикалық немесе саяси тетіктерінен бұрын, ең алдымен, адам санасын, рухани бағдарларын өзгертуге басымдық береді. Олардың шығармашылығында құндылықтық бағдарлар мәселесі негізгі орын алады. Қазақ халқы отаршылдық кезеңде де, кенестік дәуірде де, қазіргі жаһандану жағдайында да дәстүрлі құндылықтарын толық жоғалтпай, жаңаның оң қырларын игере алды. Алайда жаһанданудың әлемді рухани дағдарысқа

ұрындыратын теріс салдарларынан сақтану қажет. Сонымен қатар әлемдік тәжірибедегі озық жетістіктерді жас ұрпақтың бойына сіңіріп, әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін терең тамырлы ұлттық дәстүрлермен ұштастыру – бүгінгі күннің стратегиялық басым бағыттарының бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ақатай С.Н. Жыраулық философиядағы тарихи-әлеуметтік болмыс // Қазақ даласының ойшылдары (XVI-XVIII ғғ.) 3-кітап. - Алматы: Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, 2001. – 199 б.
- 2 Бейсенов Қ. Қазақ топырағында қалыптасқан ойлау үрдістері. - Алматы: Ғылым, 1994. - 168 б.
- 3 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы. 1990. – 328 б.
- 4 Ай, заман-ай заман-ай (Бес ғасыр жырлайды) 2 томдық / Құрастырушылар М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 б.
- 5 Омарұлы Б. Қос ғасырдың қазынасы. <https://ortalyq.kz/os-asyrdyn-azynasy/> [Электронный ресурс] (қаралған күні: 06.02.2026)
- 6 Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет әлем», 2012. - Т.9. XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. - 368 б.
- 7 Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық /Құрастырған Есенбай Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2008. - 1-том.- 400 бет.
- 8 Сегізбаев О.А. Қазақ философиясының тарихы (Ежелгі түсініктерден XIX-XX ғасырдың бірінші жартысының ілімдеріне дейін): оқу құралы / О.А.Сегізбаев, орыс тілінен ауд. Г.Ж.Нұрышева, М.С.Сәбит. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 330 б.
- 9 Үш ғасыр жырлайды. - Алматы: «Жазушы», 1965. – 678 б.
- 10 Мүтәліпов Ж. Мәдени диалог және өркениеттер тоғысы. - Алматы: «Паритет», 2002. – 238 б.

Transliteration

1. Aqatay S.N. Zhyraulyq filosofiyadaghy tarihi-aleumettik bolmys / Qazaq dalasynyn oishyldary (XVI–XVIII gg.). 3-kitap. [Historical and Social Reality in Zhyrau Philosophy // Thinkers of the Kazakh Steppe (16th–18th Centuries). Book 3.] Almaty: Filosofiya zhane sayasattanu institutynyn kompyuterlik-baspa ortalyghy, 2001. – 199 b.
2. Beisenov Q. Qazaq topyraghynda qalyptasqan oi keu urdisteri. [Intellectual Traditions Formed within the Kazakh Cultural Context] Almaty: Gylym, 1994. – 168 b.
3. Zholdasbekov M. Asyl arnalar [Noble Streams]. Almaty: Zhazushy, 1990. – 328 b.
4. Ai, zaman-ai zaman-ai (Bes ghasyr zhyrlaidy). 2 tomdyq / Qurastyrushylar M. Maghauin, M. Baidildaev [Ai, Zaman-ai, Zaman-ai” (Five Centuries Speak), 2 vols. / Compiled by M. Magauin and M. Baidildaev.]. Almaty: Zhazushy, 1989. – T.1. – 384 b.
5. Omaruly B. Qos ghasyrdyn qazynasy [The Heritage of Two Centuries] <https://ortalyq.kz/os-asyrdyn-azynasy/> [Online resource](accessed: 06.02.2026).
6. Klassikalyq zertteuler: Kop tomdyq [Classical Studies: Collected Works in Multiple Volumes]. Almaty: Adebiet alemi, 2012. T.9. XX ghasyr basyndaghy Alash adebiettanuy – 368 b.
7. Zheti ghasyr zhyrlaidy: eki tomdyq [Seven Centuries Speak.” 2 vols. Compiled by Yesenbay Duisenbayuly]. Almaty: Zhazushy, 2008. T.1. – 400 b. Qurastyrgan Esenbai Duisenbaiuly.

8. Segizbaev O.A. Qazaq filosofiyasynyn tarihi (Ezhelgi tusinikterden XIX–XX ghasyrdyn birinshi zhartyysynyn ilimderine deiin): oqu quraly / O.A. Segizbaev, orys tilinen aud. G.Zh. Nuryshva, M.S. Sabit. [History of Kazakh Philosophy (From Ancient Conceptions to the Doctrines of the First Half of the 19th–20th Centuries): A Textbook / O.A. Segizbayev; translated from Russian by G.Zh. Nuryshva and M.S. Sabit.]. Almaty: Qazaq universiteti, 2017. – 330 b.

9. Ush ghasyr zhyrlaidy [Three Centuries Speak]. Almaty: Zhazushy, 1965. – 678 b.

10. Mutalipov Zh. Madeni dialog zhane orkenietter togysy [Cultural Dialogue and the Interaction of Civilizations]. - Almaty: «Raritet», 2002. – 238 b.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант АР26199931 «Түркі-қазақ философиялық дәстүрі: қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациялану үдерісіндегі негізгі идеялар мен басымдылықтары»).

Авторлардың үлесі. К.М. Қоңырбаева, зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық жүйелеу, Г.С. Омарова, Ә. Нысанбаев, Е.Н. Чермухамбетов, ғылыми әдебиеттерді талдау, зерттеу жүргізу және мақала мәтінін дайындау, редакциялау және жариялауға рәсімдеу.

Қоңырбаева К.М., Омарова Г.С., Нысанбаев Ә., Чермухамбетов Е.Н.

Актуальность философских рефлексий поэтов эпохи «Зар заман» в современном социокультурном контексте

Аннотация. В статье проводится комплексный анализ системы духовно-культурных ценностей, составляющих идейное ядро творчества поэтов эпохи «Зар заман» – Дулата, Шортанбая, Мурата, Абубакира. В частности, в их произведениях в взаимосвязи рассматриваются национальный дух и общечеловеческие гуманистические принципы - справедливость, истина, свобода. В поэтических толгау данного периода отчетливо отражено негативное воздействие утраты государственной независимости на национальную идентичность и мировоззренческие ориентиры народа. Анализируется трансформация мировоззрения казахского общества, для которого свобода, справедливость, честность и человечность выступали базовыми ориентирами духовного развития, под влиянием инокультурных и цивилизационных факторов. Поэты выражают критическое отношение к вытеснению традиционных ценностей и распространению западных культурных моделей, осмысляя данные процессы в философско-поэтическом ключе. Наряду с этим выявляется роль поэтов «Зар заман» в формировании принципа избирательного и критического восприятия чужой культурной парадигмы. В статье научно обосновывается возрастание актуальности и масштабности проблем, поднятых в поэзии «Зар заман», в контексте современных интеграционных процессов и глобализации.

Ключевые слова: зар заман, кризис, независимость, свобода, традиционные ценности, национальная идея, дух.

Konyrbayeva K., Omarova G., Nyssanbayev A., Chermukhambetov E.

The Relevance of the Philosophical Reflections of the "Zar Zaman" Poets in the Contemporary Socio-Cultural Context

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the system of spiritual and cultural values that constitute the conceptual core of the творчество of the poets of the "Zar Zaman" period – Dulat, Shortanbay, Murat, and Abubakir. In particular, it examines the interrelation between the national spirit and universal humanistic principles such as justice, truth, and freedom. The poetic *tolgau* of this era vividly reflect the adverse impact of the loss of national independence on collective identity and fundamental worldview orientations. The study explores the transformation of the Kazakh worldview, in which freedom, justice, integrity, and human dignity had traditionally served as guiding principles of spiritual development, under the influence of foreign cultural and civilizational paradigms. Through philosophical and poetic reflection, the poets articulate a critical stance toward the displacement of traditional values and the expansion of Western cultural models. Furthermore, the article highlights the role of the "Zar Zaman" poets in shaping a principle of selective and critically mediated reception of external cultural paradigms. The paper substantiates the growing relevance and expanding scope of the issues raised in "Zar Zaman" poetry within the context of contemporary globalization and large-scale integration processes.

Keywords: Zar Zaman, crisis, independence, freedom, traditional values, national idea, spirit.

Келін түсті 25.01.2026

Қабылданды 25.02.2026